



Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 18-03/578 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 шілдеде № 11780 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 67) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 18-03/578 бұйрығымен
бекітілген

Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ереже (бұдан әрі - Үлгілік ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 1-тармағының 67) тармақшасына сәйкес әзірленді және қорықшылық қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің қорықшылық қызметі (бұдан әрі – қорықшылық қызмет) бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функцияларын жүзеге асыратын аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

3. Қорықшылық қызметі аңшылық және балық шаруашылықтары субъектісі директорының бұйрығымен құрылады және оған (басшылыққа) бағынады.

4. Қорықшылық қызметке аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің қызметкерлері: аңшылық және балық шаруашылығы директорлары, аға қорықшылар (болған жағдайда), қорықшылар жатады.

5. Қорықшылық қызметті аңшылық және балық шаруашылығы субъектілері өз қаражаты есебінен құрады.

6. Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің жұмысы Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасына, осы Үлгілік ережеге негізделеді.

7. Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын аңшылық және балық шаруашылықтары субъектісі әзірлейді және бекітеді.

8. Аңшылық және балық шаруашылықтарының қорықшылық қызметіне он сегіз жасқа толған, қылмыстық соттылығы жоқ және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ("Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 382, 383, 384 және (немесе) 389-баптары бойынша) әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған адамдар қабылданады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 18.01.2022 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аңшылық және (немесе) балық шаруашылықтарының субъектілері қорықшылық қызмет құрылғаннан немесе оның құрамы өзгергеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне тиісті ақпаратты (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, қызметтік

куәлігінің және омырауға тағатын белгісінің нөмірі көрсетілген қызметкерлердің тізімі) ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 18.01.2022 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің өкілеттігі және оның қызметінде пайдаланылатын құжаттары

10. Қорықшының құқықтары мен міндеттері:

Қорықшының:

1) кейіннен уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне міндетті түрде беру үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

2) қызметтік қаруды алып жүруге және айырым белгілері бар арнаулы киім киюге;

3) жеке және заңды тұлғалардың аң аулауға және балық аулауға құқық беретін құжаттарын тексеруге;

4) аң аулау қағидаларын бұзғаны үшін атыс қаруын кейіннен ішкі істер органдарына міндетті түрде беру үшін алып қоюға;

5) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған аулау құралдарын, заңсыз аулап алынған аң аулау және балық аулау өнімдерін, тыйым салынған аулауға арналған қару түрлерін кейіннен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға беру үшін алып қоюға;

6) бекітіліп берілген аңшылық алқабының, балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің аумағында және оның жағалау белдеуінде олардан шығу кезінде көлік және жүзу құралдарын тоқтатуға құқығы бар.

Қорықшы:

1) бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз етуге;

2) аң аулау және балық аулау қағидаларын, аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ тыныштық аймақтарында жануарлар дүниесін пайдалануға қойылған шектеулер мен тыйым салуларды бұзушылықтардың жолын кесуге;

3) жеке және заңды тұлғалардан жануарлардың қырылуына және олар мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соқтыратын әрекеттерді тоқтатуды талап етуге;

4) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын, олардың көбею жағдайларын және шоғырлану орындарын сақтау жөнінде шаралар қолдануға;

5) жануарлар дүниесіне ұқыпты және ізгілікті қарау насихатын жүргізуге;

6) жануарлар ауырған және дүлей зілзала кезінде қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарлар дүниесі объектілеріне көмек көрсету жөнінде шаралар қолдануға;

7) аншлағтардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 18.01.2022 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қорықшылық қызметінің жұмысында мынадай құжаттар пайдаланылады:

1) директор:

облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқапты немесе балық шаруашылығының су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімінің көшірмесі;

аңшылық және (немесе) балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарт;

шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастырудың материалдары (аңшылық шаруашылығының субъектілері үшін);

"Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған деректер есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 10 қазандағы № 114 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9869 болып тіркелген) нысан бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу журналы;

"Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10702 болып тіркелген) нысан бойынша аңшылық және балық шаруашылығы субъектілері берген жолдамаларды тіркеу журналы;

аңшылық алқабының карта-схемасы;

аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары;

жануарларды есепке алу материалдары;

"Аншлағтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7573 болып тіркелген) нысан бойынша балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналы (кәсіпшілік журнал);

2) аға қорықшы (болған жағдайда), қорықшы:

аңшылық және (немесе) балық шаруашылықтары субъектілері, олардың бірлестіктері (аңшылар мен балықшылар бірлестіктерін қоса алғанда) берген қызметтік куәлік;

қорықшыға қорық учаскесін (айналымды) бекітіп беру туралы аңшылық және (немесе) балық шаруашылықтары субъектілері бұйрығының көшірмесі және оның карта-схемасы;

қызметтік қаруды алып жүруге және сақтауға рұқсат.